

**Алматы қаласы әкімінің 1999 жылғы 12 шілдедегі "Алматы қаласындағы жекелеген қызмет түрлеріне лицензия беру туралы" N 623 шешіміне өзгертулер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Алматы қаласы Әкімінің 2000 жылғы 24 шілдедегі N 758 шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2000 жылғы 21 тамызда N 176 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы Әкімінің 2001 жылғы 11 шілдедегі N 1/72 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы Әкімінің 11.07.2001 N 1/72 қаулысымен.**

Қызмет түрлері лицензиялауға жататын жұмыспен айналысу үшін өтініш иесінің лайықтылығын, сапалық дәрежесін анықтайтын сарапшылар комиссиясы жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында Алматы қаласының әкімі шешім қабылдады:

1. Алматы қаласы әкімінің 1999 жылғы 12 шілдедегі "Алматы қаласында кейбір қызмет түрлерін лицензиялау туралы" N 623 шешіміне келесі өзгертулер енгізілсін: - 1-ші тармақ келесі жолмен толықтырылсын: "1. Алматы қаласы Санитарлық-эпидемиология басқармасы жанындағы сарапшы комиссиясы - өндірістік және тұрғын-үй объектілерін беретін, сонымен қатар декреттегі азаматтарды жеке тазалыққа оқыту туралы қызмет".

*Алматы қаласының әкімі*

*В. Храпунов*